

Досжан Р.Д.  
**Қазақстан Республикасында  
кәсіпорындардың қызметін  
және жобаларды жүзеге  
асыруды талдау**

Тәуекелді басқару шағын және орта бизнес кәсіпорындарына қызметтерін жүзеге асыруда өте маңызды болып табылады. Біздің ғылыми ізденулер тәуекелдерді басқарудағы қазіргі таңдағы мәселелерді қарастыруға және Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарында тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ең тиімді жолдарды іздеуге бағытталады.

Мақалада Қазақстан экономикасындағы шағын және орта бизнес кәсіпорындарының жалпы үлесін қарастырамыз және елде қабылданған біршама жобалардың сәтсіздігінің негізгі себептерін анықтауға тырысамыз.

**Түйін сөздер:** шағын және орта бизнес, тәуекелді басқарудың жүйесі, жобалар тәуекелі.

---

Doszhan R.D.  
**Analysis of enterprises and the  
implementation of projects in the  
Republic of Kazakhstan**

Risk management is a very important element of small and medium-sized enterprises activities. The research directed to the existing problems in the risk management and the search for the most effective ways of improving or supplementing the risk management system at the enterprises of Kazakhstan.

In this article, we analyze the dynamics of the development of enterprises in Kazakhstan, indicators of small and medium businesses in other countries, as well as the reasons for the failure of projects in RK.

**Key words:** small and medium businesses, the risk management system, the empirical method of research, the project risks.

---

Досжан Р.Д.  
**Анализ деятельности  
предприятий и реализация  
проектов в РК**

Управление рисками является очень важным элементом в деятельности малых и средних предприятий. Наши научные изыскания направлены на рассмотрение существующих проблем в управлении рисками и поиск наиболее эффективных путей по совершенствованию или дополнению системы управления рисками на предприятиях РК. В статье мы анализируем динамику развития предприятий в Казахстане, показатели состояния предприятий малого и среднего бизнеса в других странах, а также причины неудач проектов в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** малый и средний бизнес, система управления рисками, проектные риски.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖӘНЕ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ТАЛДАУ

Біздің ғылыми ізденулер тәуекелдерді басқарудағы қазіргі таңдағы мәселелерді қарастыруға және Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарында тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ең тиімді жолдарды іздеуге бағытталады. Біздің зерттеуде біз экономиканың ұрымтал секторы, шағын және орта бизнес субъектілеріне ерекше назар аударамыз. Шағын және орта бизнес секторының әлсіз даму себептеріне кәсіпкерлердің әлі күнге дейін ойы қысқа мерзімді даму аясынан шыға алмауын, сондай-ақ өз кезегінде бағаланбаған әртүрлі факторлардың ықпалын жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі деректеріне сәйкес ШОБ субъектілерінің ЖІӨ-дегі үлесі 2008 жылы 16,7%, 2010 жылы 20,6% болса, ал 2013 жылы бұл көрсеткіш 16,9%-ке дейін төмендеді [1].

Қазақстанның ЖІӨ-дегі ШОБ төмен салымы дамыған елдермен салыстырғанда (Германия – 54%, Ұлыбритания – 50%, АҚШ – 52%, Франция – 56%), біздің елдегі ЖІӨ үлкен үлесін ірі бизнес (мұнай және тау-кен металлургиялық секторлармен ұсынылған кәсіпорындардың жалпы санының 7% ЖІӨ 70% құрайды) құрайтынымен түсіндірілетінін атап өту қажет. Бұл жағдай шикізат бағыттарында үлкен дәрежеде шоғырланған жалпы экономиканың құрылымын көрсетеді [2].

Бизнесті ашуға және құруға кәсіпкерлер интуитивті, түйсігінің жетегіне сүйене бет бұратыны мәлім. Бизнесті ашу – бұл аталған жобаның дамуы мен жобаның өмірінің түрлі кезеңдерін қамтитын жобалық қызмет деп тануға болады.


Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің 2014 жылғы жағдай бойынша деректерінде тіркелген субъектілерінің саны 1536 мың бірлікті құрады, олардың ішінде ШОБ белсенді субъектілерінің саны 57,8% құрады [3].

ШОБ субъектілеріне біз барлық шағын және орта кәсіпорындар, жеке кәсіпкерлер мен шаруа-фермерлік қожалықтарды жатқызамыз. Тіркелген ШОБ санының өсу серпіні оң трендті көрсетеді, ал белсенді ШОБ саны ауытқымалы сипатын көрсетеді (1-сурет).

Ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны бойынша ШОБ белсенді субъектілерінің құрылымында 2013 жылы Рес-

публика бойынша (888233) ШОБ белсенді субъектілерінің жалпы санынан 70% немесе 660262 бірлікті құрайтын саны 2013 ж. [4] жеке кәсіпкерлер нысанында қызметін жүзеге асыратын субъектілерге ие болады. Шаруа-фермерлік қожайындығы (ШФҚ)

саны 158583 немесе 20% құрады, бұл ретте алдыңғы кезеңмен салыстырғанда төмендегенін байқауға болады. Шағын кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғаларының үлесі 8% (69 388), орта кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғаларының үлесі 1,3% құрайды (2-сурет).



1-сурет – ҚР тіркелген және белсенді ШОБ субъектілерінің өсу динамикасы. [5]

Байқап отырғанымыздай, суретте (1-сурет) ШОБ белсенді субъектілерінің қызметінің тұрақсыз жағдайын көрсетуде. Бизнесінің белсенділік көрсеткіші нарықтағы нақты жағдайды бейнелейді. Мысалы, кәсіпорындар ашылады, қызметін жасайды, біршама уақыттан соң өз қызметін тоқтатады, бірақ жабылмайды. Бұл өз кезегінде, Қазақстанның кейбір кәсіпкерлеріне тән теріс бейнені көрсетеді. Оның мәні – бизнесті жабудың күрделілігінде. Сол себепті, Қазақстанды аталған көрсеткіш бойынша әлемдік рейтингтердің соңынан көруге болады. Мемлекет тарапынан жүргізілген ШОБ қолдау бағдарламасы аясында бизнесті ашуды жеңілдету нәтижесінде, 2009-2010 жылдары ШОБ едәуір өскенін көруге болады, алайда бұл кезеңнен кейін аталмыш көрсеткіштер серпіні жоғарыламағанына куә боламыз.


Мұндай жағдай кәсіпкерлердің жобалық қызметті жүргізуіне түбегейлі бөгет жасайды. Қандай да бір жобаны бастау – кәсіпкердің тәуекелге бел байлауымен астасып жатыр. Алайда, барлық жобалар сәтті бола бермейді, ал сол сәтсіз жобаны аяқтап, яғни компанияны жабу оңай шаруа емес.

Республика бойынша 2013 жылы ШОБ жұмыспен қамтылғандар саны 2 576 мың адамды құрады. Осылайша, экономикалық белсенді халықтан ШОБ жұмыспен қамтылғандар үлесі 27% астамын құрайды. Егер 2-суретте көрсетілгендей бөлуді қарастырсақ, онда қызметкерлер шағын және орта бизнес субъектілері арасында іс жүзінде біркелкі бөлінген. Қамтылғандар серпіні тұрақсыздықты көрсетеді. 2005 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда ШОБ қамтылғандар саны 127% артты, алайда 2011 жылмен салыстырғанда 4,5% төмендеді.


Экономика салалары бойынша саудада, өнеркәсіпте, құрылыста және ауыл шаруашылығында жоғары белсенділік байқалады [13]. Аталған жағдай нарықтық жағдаят шарттарына тән, алайда денсаулық сақтау және білім беру сияқты мұндай салаларда орта бизнес субъектілері болмайды. Бұл аталған салаларға тән ірі бизнес жүргізілетін факті көрсетеді, шағын бизнес бұл жағдайда ауқымды қызмет жүргізбейтін шағын ұйымдармен берілген (мысалы, дәмхана, стоматология немесе жеке балалар бақшасы және т.б.).

ШОБ дамыту көрсеткіштері ҚР ЖІӨ-дегі шығарылған ішкі өнімнің алатын үлесінде тікелей көрсетілген (4-сурет). Егер ШОБ субъектілерінің 2012 жылғы жиынтығын (ЖК мен КФШ бірге) ескерсек, онда бұл көрсеткіш үштен бір бөлігінен аспайды (27%). ШОБ субъектілері нақты аталған кезеңде елдің ЖІӨ деңгейінен ішкі өнімінің 22% шығарды. Соңғы үш жылғы динамика республикалық ЖІӨ қатысты ШОБ субъектілерімен шығарылған ІӨ көрсеткіші төмендегенін байқаймыз, 2010 жылдан бастап 7% құлады.

Осылайша, статистикалық деректер соңғы жылдардағы Қазақстан экономикасындағы шағын және орта бизнес кәсіпорындарының үлесінің азаюын көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстанның ШОБ секторының салалық құрылымы дамыған шетел елдерінен едәуір ерекшеленеді. Қазақстанда шағын және орта бизнес негізінен үлкен капиталдар мен айналымдар шоғырланған сауда, ауыл шаруашылық және құрылыс секторларында белсенділік көрсетеді.



2-сурет – ҚР ШОБ көрсеткіштерінің серпіні [11]



3-сурет – ҚР ШОБ ІӨ көлемінің серпіні, млн. теңге [14]


ШОБ субъектілерінде жоба тәуекелдерінде туындайтын жағдайларды түсіну үшін ҚР әртүрлі салаларындағы проблемалық жобаларының нәтижелерін қарастырайық (3-сурет).

Ақпараттық технология секторы мемлекеттік саясаттағы экономиканы әртараптандырудың ең маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Елде жүзеге асырылған жобалардың арасында сәтсіздікке ұшырағандар қатарының жоқ еместігі де анық. Жобаның басым сәтсіздігінің себептері – оларды жүзеге асырудың мұқият жоспарланбауында жатыр.

Оған мысал ретінде, «Ақпараттың теңсіздікті

азайту» (АТА) мемлекеттік бағдарламасының ең маңызды жобалардың бірі – халықты компьютерлік сауаттылыққа оқытуды атап кетсек болады [15]

Қазақстандағы 2005-2006 жылдарда халықтың компьютерлік сауаттылығының көрсеткіші белсенді халықтың 5% немесе 750 мың адамды ресми түрде құрады, осыған байланысты 2008 жылға дейін бағдарламаны жүзеге асыру аясында бұл көрсеткішті 21,3% (3 млн. астам адам) жеткізу міндеті тұрды. Бағдарламаны жүзеге асыруда 15 млрд-тан астам теңге бөлу жоспарланды [16].



4-сурет – Жоспарланатын және жүзеге асырылатын жобалар бойынша тәуекелдерді анықтау сызбасы

Жоба аяғына дейін жүзеге асырылмады, үш жыл орнына екі жыл жұмыс істеп және одан кейін жұртшылық қысымымен тоқтатылды.

Жобаны жүзеге асырудың бірінші жылының қорытындылары тек сандық көрсеткіштерімен берілді, сапалы нәтижелер туралы ақпарат ұсынылмады. Аталған жобаны жүзеге асыру-

ды үкіметтік емес ұйымдар, БАҚ және басқа қоғамдық бірлестіктер қадағалады, алайда бүгінгі күнге дейін жобаны жабу себептері ресми анықталмады.

Аталған бағдарламамен қатар «НИТ» компаниясымен бірлесіп Халықаралық институтпен әзірленген «Futurtech» ақпараттық

технологиясының «Бүкіл халықтық IT-білім беру» жобасы ұсынылды [17]. «Futurtech» ұсынылған деректерге сәйкес 2008 жылдың бірінші жартысында бұл бағдарлама бойынша компьютермен жұмыс істеуге 210 адам оқытылды.

2007 жылдың жазында Glotur компаниясы 350 АҚШ доллары тұратын Tecata сауда маркалы компьютер шығару жоспарлары туралы хабарлады [18]. Уақыт өте келе өндірушілерде қаржыландырумен қиындықтар туындап, «халық» компьютерінің бағасы алдымен 400 долларға, кейін одан да жоғарылай бастады. Сарапшылардың пікірі бойынша орын алған сәтсіздікке келесілер себеп болды:

1. Компьютерлерге нақты сұраныс «халық компьютерін» сатып алушылар саны 400 000 адамға жетеді деп күтілген болжамнан анағұрлым төмен болды. Шындығын айтқанда, жүз есе аз болды. Өндіріс ауқымды болғандықтан компьютерлер құнын төмендету мүмкін болмады.

2. «Халық компьютерлерін» еліміздің өңірлерінде және ауылдарында таратумен компьютерлік техниканы сатумен және қызмет көрсетумен жұмыс істеу тәжірибесі жоқ «Қазпошта» айналысты. Адамдар ол саладан хабары жоқ ұйым арқылы компьютерлерді сатып алуға ниет білдірмеді.

3. Ауылдық жерлерде ғаламтор кейінірек пайда болғандықтан компьютерлердің аса қажеттігі болмады.

Тағы бір мысал ретінде, отандық планшеттер жобасын атауға болады. Ақтау қаласындағы «CaspianElectronics» компаниясы 2011 жылдың соңында арнайы ұйымдастырылған ашылу рәсімін елбасы Нұрсұлтан Назарбаев телемост арқылы бақылады [19]. Кәсіпорында теледидар, монитор және планшетті компьютерлер өндірісі басталуы – нағыз жаңалық болды. Сонымен қатар, өндірушілер, «Аққу» сауда маркалы планшетті жәй ғана жинап қоймай, жергілікті бағдарлама негізінде қызмет етеді деп әуде берген еді. Арнайы экономикалық аймақтағы «Морпорт Ақтау» кәсіпорында планшет жинауды бастамаға алған бизнес-жоба басталды. Сөйтіп, планшеттің құны 500 АҚШ долларына (нарықтық бағадан жоғарырақ) бағаланды. Зауыт жобасы шығынға ұшырап, ақырында планшет өндіріске шықпады, қаржы полициясы «Каспий» ӘКК ҰК АҚ лауазымды тұлғаларына қатысты қылмыстық іс қозғады. Тергеу 600 млн. теңге сомаға берілген жабдық іс жүзінде 20 млн. тұрғанын анықтады [19].

2006 жылдың қыркүйек айында Алматыдағы Алатау кентінде Қазақстандағы ұлттық деңгейдегі технопарккі құру бойынша бірінші жоба «Alatau IT City» ақпараттық технология паркі (АТП) ашылды. АТП қызметі Қазақстанның АТ-индустриясын құруға, бекітуге және дамытуға бағытталған. «Alatau IT City» паркінде сұйықкристалды панельдер өндірісі бойынша зауытты іске қосу жоспарланды, радиожүйе мен қосымша керек-жарақтарды жөндеу, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу жұмысы алға қойылды.

Біршама компаниялар қатары технопарк аумағында өзінің өнімінің өндірісін жөнге салды, 2013 жылы жұмыс істейтіндерден 135 компанияның тек 60 пайызы ғана белсенді әрекет ететінін көрсеткен. Қазақстандағы IT-секторды дамыту мақсатында шамамен 10 млрд. теңге көлемінде қаражат салынғанымен, бұл сектордың дауының ілгерілегені байқалмайды [16].

2007 жылы Қазақстанда көлік құралдарын жүргізушілерінің жол жүру ережесін бұзғаны жөніндегі жазбасы жазылатын микрочипті пластикалық картаны енгізу жоспарланған еді. Сонымен қатар, бұл картамен айыппұлды да төлеуге де болатын еді. Карта шығарумен «Зерде» холдингінің құрамына кіретін «Процессингтік орталық» АҚ айналысты [21].

Жобаның қателігіне, жобаның басынан-ақ нақты мақсаты болмағанын жатқызуға болады, себебі аталған жүйенің қажеттілігінде күмән болды. Қазақстанда 2008 жылы шамамен 3 миллион көлік жүргізуші тіркелген болатын. Тек талондардың дербестендіру бойынша қызметтер үшін «Процессингтік орталық» АҚ 6 миллион теңге алды. Қоғам талондар идеясын біржақты қабылдаған жоқ. 2008 жылдың аяғына қарай жоба өз қызметін тоқтатты.

2007 жылы Астанада ұлттық қорғалған операциялық жүйелерін (ҰҚОЖ) құру мүмкіндігі талқыланды «дөңгелек стол» өтті. Ұлттық операциялық жүйені ұлттық электронды үкімет бағдарламасының бірінші кезеңінің аясында құру жоспарланды. Бұл жоба да сәтсіз жобалардың қатарын толықтырды. Жоба сәтсіздігі себептерінің бірі – бинарлық кодты бөлшектеп және оны қайта жинай алатын мамандардың болмауында болды. Техникалық тапсырмаларды жазуға Ресей мамандары шақырылды. ҰҚОЖ құру конкурсына Ресейден, Белоруссиядан, Оңтүстік Кореядан және Қазақстаннан компанияларды шақыру жоспарланды. Алайда, бұл

жобаның бюджетін есептеу кезінде ұлттық ОЖ бұрыннан бар жобалардан әлдеқайда қымбатқа түсетіні анықталды. Сарапшылардың пікірінше, ҰҚОЖ идеясының кемшіліктерінің бірі, е-үкімет жобасына бағытталғандығы болды. Бұл жоба әскер, ПМ немесе білім беру мекемелерінің игілігіне сәтті қызмет істеуі әбден мүмкін еді.

2008 жылы ARTA Software қазақстандық компаниясы Arta OS атауымен Linux ядросының негізінде операциялық жүйесін жеке әзірленімін ұсынды. Операциялық жүйе басынан мектептер мен ЖОО-ларға бағдарламалық қамтамасыз етудің құнын төмендету мүмкіндігі ретінде қарастырылды. Сол уақытта Arta OS тәжірибелік жағынан көрі имидж жоба ретінде көбірек қарастырылды, сол себепті де жоба сәтсіздікке ұшырады [16].

Индустриалды-инновациялық жобалар ретінде ашылған ондаған қазақстандық зауыттар мен кәсіпорындар бірнеше жылдан кейін дағдарыс ықпалына ұшырап, өнімін шығармастан жабылды.

2003 жылы жыл сайын 100 мың тонна мырышқа дейін шығару жоспарланған зауыт пайдалануға енгізді. Балқаш мырыш зауыты «Қазақмыс» корпорациясының басты жобаларының бірі болды [17]. Зауыт құрылысына 120 миллионнан астам доллар шығындалды. 2009 жылдың маусым айында зауыт жұмысын тоқтатты.

Оңтүстік-Қазақстан облысында 2004 жылы мақтаны қайта өңдеу бойынша кешен ашылды. Өндірістік кешеннің жалпы құны 19,3 миллион АҚШ долларын құрады, олардың ішінде 13 миллион доллар Қазақстанның Даму банкінің несиелік желісімен бөлінді, 6,3 миллион долларды IntrexWorldwide Британ компаниясы қаржыландырды. Жоба өсіруден иірілген жіптер және жіптерді алғанға дейін – шикізат мақсатын қайта өңдеудің толық технологиялық циклін қарастырды. Есептеу бойынша кәсіпорынның жобалық қуаты жыл сайын иірілген жіптің алты мың тоннасын шығаруға мүмкіндік берді. Аталған зауыт 2011 жылдан жұмыс істемейді [18].

«КазСат» серігі Қазақстанның тапсырысы бойынша 65 миллион АҚШ долларына Ресейде жасалып, 2006 жылдың маусым айында жіберілді. 2008 жылдың маусым айында серік қатардан шықты [19].

Солтүстік-Қазақстан облысындағы «Биохим» компаниясы өз қызметін 2006 жылы бастады. Жоба құны 88,6 миллион АҚШ долларын құрады. «ТМД елдерінде теңі жоқ» аталған кәсіпорын жыл сайын биоэтанолды шығаратын

болады деп жоспарланды. Өнімнің 30 пайызы Қазақстанда, 70 пайызы – сыртқы нарықта өткізілетін болады деп болжамданды. 300 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын құру жоспарланды. 2012 жылы аталған кәсіпорынды сот банкрот деп шешім қабылдады [20].

Жоспарлау кезеңінде сәтсіздікке ұшыраған жобалардың мысалы да бар. 2007 жылы Батыс-Қазақстан облысындағы Тасқалы ауданында болжамданған зауыт индустриялық-инновациялық жобалардың бірі ретінде ұсынылды. Жоба 210 миллион долларға бағаланды. Құрылысы 2009 жылы аяқталуы тиіс зауыт жыл сайын екі миллионға дейін цемент шығару жоспарланды [21].

2010 жылдың басында Батыс-Қазақстан облысының әкімі цементті зауыттың жобалаушылары басынан ең басты – электр қуатының үлкен жобасын қамтамасыз етуді қарастырмағанын, сондай-ақ бұл үшін қажет етілетін қосымша ресурстарды және шығындарды есептемегенін мәлімдеді. Осы себептен жоба жүзеге асырылмады.

2008 жылы Қарағанды облысының Теміртау қаласында кремний зауыты ашылды. Қазіргі уақытта зауыт жұмыс істемейді [22].

2010 жылдың наурыз айында Шымкентте «Азия Керамик» керамогранитінің өндірісі бойынша зауыт ашылды. Зауыттың жыл сайынғы өндірістік қуаты керамогранитті плиткалардың 2,5 миллион шаршы метрді құрады. Кәсіпорында барлығы 250 адам жұмыс істеуі керек болды. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша салынған бұл зауыт 35 миллион доллардан астам сомаға бағаланды. Қаражаттың негізгі бөлігі – 31,8 миллион долларды – несие түрінде Қазақстан Даму банкі бөлді, төрт миллион долларды түрік инвесторлары салды. Қазіргі уақытта кәсіпорын жұмыс істемейді [23].


2011 жылы ауыл шаруашылығына арналған ұшақтарды шығару бойынша зауыт ашылды. Үдемелі индустриялық инновациялық даму бағдарламасы бойынша салынған зауыт 1,648 миллион теңгеге бағаланды. Мемлекет аталған жобаға «Жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша 750 миллион теңге бөлді, «КазАгро» холдингі жеңілдікті жағдайда 846 миллион теңге несие бөлді. Жыл сайын 36 ұшақ өндіру жоспарланғанымен, алайда, осы уақытқа дейін бір де бір ұшақ шығарылмады [24].

Жобалардың дамуын талдауда еңбек ресурстарының жүктемесін немесе еңбек өнімділігін бағалау маңызды. ҚР Статистика агентінің

деректері бойынша ҮИИДМБ бойынша есеп беру аясында соңғы жылдары экономикалық қызметтің негізгі үш түрі бойынша еңбек өнімділігінің төмендеуі байқалады (8-сурет). Егер, қызметтің басқа түрлерін қамтитын әрбір бағытты қарастырсақ, онда құлдылауды іс жүзінде барлық қызмет түріне қатысты екенін байқаймыз. 2014 жылы жалпы экономикалық көрсеткіштердің төмендегені анық, алайда, мұнда мақсаты экономиканы әртараптандыру болып табылатын бағдарламалар аясында жүзеге асырылатын жобалар туралы сөз қоз-

ғалып отыр. Мұндағы жобалар ел экономикасын тұрақтандыруға бағытталуы қажет еді, ал іс жүзіне келсек, олар мемлекеттің қаржыландыруына тәуелді болып, мемлекеттік проекционизм аясынан шыға алмады.

Жобалардың дамуы 2010-2012 жылдардағы жалпы экономиканың жандануымен тұспа тұс келеді. Ал, мемлекет қаржыландыруы арқылы жүзеге асып отырған жобалардың мақсаты оң бағытқа ие болып қана қоймай, салаларды дамытуда өз үлестерін қосатын көшбасшы жобаға айналу болып табылады.



5-сурет – Экономикалық қызмет түрлері бойынша еңбек өнімділігі.

Кез келген жоба ірі инвестициялармен байланысады, біршамасы жергілікті инвесторлармен қаржыландырылатын жобалардың жағдайын қарастыра отырып, оларды жүзеге асыру жолында қандай мәселелердің туындайтынын көреміз. Сондай ақ, Қазақстанның инвестициялық климаты өте қолайлы екенін сыртқы көздерден тартылатын инвестициялар да дәлелдейді. Қазақстандағы қызмет түрі бойынша тартылған тікелей инвестицияларды талдау, шетел инвесторларының елдегі кен өндірісіне қызығушылық танытатынын көрсетеді.

Инвестициялардың жартысынан көбі геологиялық барлауға және іздеулерге, одан әрі кен өндіру, қаржылық, көлік инфрақұрылымы және өндіруші салағы тиісті. Қызметтің аталған түрлері бойынша қаржыландырылған жобалардың басым бөлігі жүзеге асу көрсеткіші бойынша тәуекелі төмен болып саналады,

Қазақстан энергия және ресурстардың басқа түрлері бойынша алдыңғы орында тұр, сол себепті пайда қазбаларды өңдеу бойынша жобаларды жүзеге асыру табысты молайтудың ең сенімді тәсілі болып табылады.

Инвесторлардың жобаға қатысуының тағы бір көрсеткіші ретінде инвестицияны қайтарудың тәуекелі немесе коммерциялық сәттілікті қарастыруға болады. Геологиялық барлау жұмыстары толығымен қарыздық құралдар арқылы қаржыландырылады, яғни бұл қызмет түрі уақыт факторымен шектелгендігін, сол себепті ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз етілмейтіндігімен түсіндіріледі. Сондай ақ, осы салалардың қатарына білім беру, денсаулық сақтау, көлік және қоймалау, құрылыс, ғылыми техникалық қызмет жатады. Ал, басқа салаларда тартылған қаражаттар капиталға қатысады, яғни инвесторлар қызметті басқаруға қатысады.

#### Әдебиеттер

1 Валовой продукт субъектов МСБ // Малое и среднее предпринимательство Казахстана в 2013 году: статистический сборник. – АС РК, 2014. – С. 12-15.



- 2 Doing Business. Understanding Regulations for Small and Medium-Size Enterprises 11<sup>th</sup> -edition. - The World Bank, Washington. 2014.
- 3 Зарегистрированные субъекты МСБ. Агентство по статистике РК [электронный ресурс] – gov.stat.kz
- 4 Смаилов А. Малое и среднее предпринимательство в Республике Казахстан: статистический сборник. Астана. – АС РК, 2013. – С. 26-28.
- 5 Современное состояние малого и среднего предпринимательства в д 2013г. // Малое и среднее предпринимательство в Республике Казахстан. Статистический сборник. – Астана. АСРК. – С. 5-7.
- 6 World Population Data Sheet // Population Reference Bureau (PRB), USAID. – Washington, 2013.
- 7 Нильсон А. Торговля товарами стран ЕС-27 со странами СНГ, 2000-2010 // Евростат, Статистика в фокусе 40 – 2011.
- 8 Eurostat regional yearbook 2013 // Publications Office of European union. – Luxemburg, 2013.
- 9 EU SMEs in 2012: at the crossroads // Annual report on small and medium-sized enterprises in the EU. – Ecorys, Rotterdam, 2012.
- 9 Regional Economic Prospects EBRD Countries of Operations: 2013 // Economic Forecast and other Regional Economic Prospects data. – EBRD, Brussel, 2014. [электронный ресурс] – www.ebrd.com
- 10 Доля активных субъектов МСП в общем количестве зарегистрированных субъектов малого и среднего предпринимательства // Малое и среднее предпринимательство в Республике Казахстан в 2009-2013 гг. Статистический сборник. – Астана. АС РК. – С. 18-20.
- 11 Численность занятых МСП // Малое и среднее предпринимательство в Республике Казахстан в 2009-2013 гг. Статистический сборник. – Астана. АС РК. – С. 32-36.
- 12 Мониторинг малого предпринимательства // Казахстан в цифрах в 2009-2013 гг. Статистический сборник. – Астана. АС РК. – С. 20-21.
- 13 Основные социально-экономические показатели // Казахстан в 2013 году. Статистический ежегодник. – Астана. АС РК. – С. 5-7.
- 14 Постановление Правительства РК №995 от 13 октября 2006 года о принятии на реализацию Программы снижения информационного неравенства в Республике Казахстан на 2007-2009 годы. – Национальный центр информатизации. Астана. [Электронный ресурс] – www.nci.kz
- 15 Токтабаев К. Топ-7 провальных ИТ-проектов Казахстана. Информационно-новостной портал PROFIT. Алматы. 2014. [Электронный ресурс] – [www.profit.kz/articles](http://www.profit.kz/articles)
- 16 Рыжков В. Сокровища «медного пояса» // ИА KazakhstanToday. Караганда. 2003. [Электронный ресурс] - <http://82.200.130.64/print/1003102900>
- 17 Мамашулы А. Открытые Назарбаевым и канувшие в лето проекты. [электронный ресурс] - [rus.azattyq.org](http://rus.azattyq.org)
- 18 Первый казахстанский спутник Kazsat-1 заработать 2,5 млрд.тенге // Информационно-новостной портал Bnews.kz. 2011. [Электронный ресурс] – [www.bnews.kz/news/post/48426/](http://www.bnews.kz/news/post/48426/)
- 19 Правительство Казахстана поборется за завод «Биохим» // ИА «Новости-Казахстан». 2012. [Электронный ресурс] - [www.nur.kz/237035.html](http://www.nur.kz/237035.html)
- 20 Ахмедьяров Л. Цемент для запада // Эксперт Казахстан. Алматы. 2004. [Электронный ресурс] – [www.expertonline.kz/a9669](http://www.expertonline.kz/a9669)
- 21 Сыздыкова А. Кремниевый завод в Караганде закрывается и распускает рабочих. Караганда. 2013. // Информационно-новостной портал Ekaraganda. [Электронный ресурс] - [ekaraganda.kz](http://ekaraganda.kz)
- 22 Никитина Т. Президент РК открыл в Шымкенте завод по выпуску керамогранита ТОО «Азия Керамик» // МИА КазИнформ. Шымкент. 2010. [Электронный ресурс] – [www.inform.kz/article/2249506](http://www.inform.kz/article/2249506)
- 23 Казахстан планирует наладить производство самолетов с реактивными двигателями // ИА Новости-Казахстан. Астана. 2011. [Электронный ресурс] - [sptnkne.ws/rq4](http://sptnkne.ws/rq4)

## References

- 1 Valovyj produkt sub#ektov MSB // Maloe i srednee predprinimatel'stvo Kazahstana v 2013 godu: statisticheskij sbornik. – AS RK, 2014. – S. 12-15.
- 2 Doing Business. Understanding Regulations for Small and Medium-Size Enterprises 11th -edition. - The World Bank, Washington. 2014.
- 3 Zaregistrirovannye sub#ekty MSB. Agentstvo po statistike RK [jelektronnyj resurs] – gov.stat.kz
- 4 Smailov A. Maloe i srednee predprinimatel'stvo v Respublike Kazahstan: statisticheskij sbornik. Astana. – AS RK, 2013. – S. 26-28.
- 5 Sovremennoe sostojanie malogo i srednego predprinimatel'stva v d 2013g. // Maloe i srednee predprinimatel'stvo v Respublike Kazahstan. Statisticheskij sbornik. – Astana. ASRK. – S. 5-7.
- 6 World Population Data Sheet // Population Reference Bureau (PRB), USAID. – Washington, 2013.
- 7 Nil'son A. Torgovlja tovarami stran ES-27 so stranami SNG, 2000-2010 // Evrostat, Statistika v fokuse 40 – 2011.
- 8 Eurostat regional yearbook 2013 // Publications Office of European union. – Luxemburg, 2013.
- 9 EU SMEs in 2012: at the crossroads // Annual report on small and medium-sized enterprises in the EU. – Ecorys, Rotterdam, 2012.

- 10 Regional Economic Prospects EBRD Countries of Operations: 2013 // Economic Forecast and other Regional Economic Prospects data. – EBRD, Brussel, 2014. [jelektronnyj resurs] – [www.ebrd.com](http://www.ebrd.com)
- 11 Dolja aktivnyh sub#ektov MSP v obshhem kolichestve zaregistrovannyh sub#ektov malogo i srednego predprinimatel'stva // Maloe i srednee predprinimatel'stvo v Respublike Kazahstan v 2009-2013 gg. Statisticheskij sbornik. – Astana. AS RK. – S. 18-20.
- 12 Chislennost' zanjatyh MSP // Maloe i srednee predprinimatel'stvo v Respublike Kazahstan v 2009-2013 gg. Statisticheskij sbornik. – Astana. AS RK. – S. 32-36.
- 13 Monitoring malogo predprinimatel'stva // Kazahstan v cifrah v 2009-2013 gg. Statisticheskij sbornik. – Astana. AS RK. – S. 20-21.
- 14 Osnovnye social'no-jekonomicheskie pokazateli // Kazahstan v 2013 godu. Statisticheskij ezhegodnik. – Astana. AS RK. – S. 5-7.
- 15 Postanovlenie Pravitel'stva RK №995 ot 13 oktjabrja 2006 goda o prinjatii na realizaciju Programmy snizhenija informacionnogo neravenstva v Respublike Kazahstan na 2007-2009 gody. – Nacional'nyj centr informatizacii. Astana. [Jelektronnyj resurs] – [www.nci.kz](http://www.nci.kz)
- 16 Toktabaev K. Top-7 proval'nyh IT-proektov Kazahstana. Informacionno-novostnoj portal PROFIT. Almaty. 2014. [Jelektronnyj resurs] – [www.profit.kz/articles](http://www.profit.kz/articles)
- 17 Ryzhkov V. Sokrovishha «mednogo pojasa» // IA KazakhstanToday. Karaganda. 2003. [Jelektronnyj resurs] - <http://82.200.130.64/print/1003102900>
- 18 Mamashuly A. Otkrytye Nazarbaevym i kanuvshie v leto proekty. [jelektronnyj resurs] - [rus.azattyq.org](http://rus.azattyq.org)
- 19 Pervyj kazhstanskij sputnik Kazsat-1 zarabotat' 2,5 mlrd.tenge // Informacionno-novostnoj portal Bnews.kz. 2011. [Jelektronnyj resurs] – [www.bnews.kz/news/post/48426/](http://www.bnews.kz/news/post/48426/)
- 20 Pravitel'stvo Kazahstana poboretsja za zavod «Biohim» // IA «Novosti-Kazahstan». 2012. [Jelektronnyj resurs] - [www.nur.kz/237035.html](http://www.nur.kz/237035.html)
- 21 Ahmed#jarov L. Cement dlja zapada // Jekspert Kazahstan. Almaty. 2004. [Jelektronnyj resurs] – [www.expertonline.kz/a9669](http://www.expertonline.kz/a9669)
- 22 Syzdykova A. Kremnievyj zavod v Karagande zakryvaetsja i raspuskaet rabochih. Karaganda. 2013. // Informacionno-novostnoj portal EKaraganda. [Jelektronnyj resurs] - [ekaraganda.kz](http://ekaraganda.kz)
- 23 Nikitina T. Prezident RK otkryl v Shymkente zavod po vypusku keramogranita TOO «Azija Keramik» // MIA KazInform. Shymkent. 2010. [Jelektronnyj resurs] – [www.inform.kz/article/2249506](http://www.inform.kz/article/2249506)
- 24 Kazahstan planiruet naladit' proizvodstvo samoletov s reaktivnymi dvigateljami // IA Novosti-Kazahstan. Astana. 2011. [Jelektronnyj resurs] - [sptnkne.ws/rq4](http://sptnkne.ws/rq4)